



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

қорқытатын **құбыжық сезімдерден** құтылу үшін арақ ішеді [6]. Осы тоғайдың құмды өңірінде **қайнаған еңбек** [7.205]. *Иә, мазасыз өңір,- Асығат басын иезді,-ара-тұра сілкініп тұратын қауіпті өңір*[6]. Ол тарихта **өшкен күл**. [7.217].*Бүркіт шомып кеткен ой теңізінен әлі де жарға шығар емес*[7.201]. *Кең далаға орнаған өмір көктемі де өзгеше*[8.4].

Мысалдардағы **мәдениет күресі, қуаныштың үлкен кемесі, өгей өлке, жер астынан шыққан көз, құбыжық сезімдер, қайнаған еңбек, мазасыз өңір, өшкен күл, өмір көктемі, ой теңізі** деген метафоралар автордың өзіндік индивидуалды метафоралары. Мұндай метафоралық қолданыстар жазушының өзіндік қолтаңбасын танытады. Сондықтан да бұл тәрізді метафоралар жалпы халықтық емес, жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора деп аталады.

Қорыта келе, Есенберлин шығармаларындағы метафоралық қолданыстарды тіліміздің ұлттық құндылығын арттыратын, байытатын, тілдік ерекшеліктерімізді танытатын, автордың жеке өзіндік ерекшелігін айшықтайтын дүние деп айтуымызға әбден болады. Бас-аяғы бес шығармасынан келтірілген мысалдар Есенберлин әлемінің кішкене бір бөлігі ғана. Құлашты кеңге сермеген қарымды қаламгердің тарихи шығармалары өз алдына бір төбе. Ондағы тілдік ерекшеліктерді зерттеу болашақтың, мына біздің еншімізде деп білемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
2. З.Қабдолов «Таңдамалы шығармалар II том, Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.
3. Р.Барлыбаев «Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы» (1963).
4. К.Аханов «Тіл біліміне кірісіпе», Алматы: Мектеп, 1978. – 492 б.
5. А.Айғабылұлы «Қазақ тілінің лексикологиясы», Алматы: Дәуір-кітап, 2013. – 104 б.
6. І.Есенберлин «Махаббат мейрамы» (электронды оқулық)
7. І.Есенберлин «Қатерлі өткел», Алматы: Көшпенділер, 2002. – 288 б.
8. І.Есенберлин «Толқиды Есіл», Алматы: Жазушы, 1965. – 147 б.
9. І.Есенберлин «Қаһар», Алматы: Атамұра, 2013. – 360 б.
10. І.Есенберлин «Ілияс Есенберлиннің поэзиясы», Алматы БПКА 2015. – 288.

ӘОЖ 81'373.46

ЭКОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ СӨЗДІКТЕРДЕ БЕРІЛУІ

Сейсекова Баян Қанатқызы

b.seisekova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мамаева Г. Б.

Терминография саласында терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптар жайлы айтар болсақ, негізгі талаптардың бірі – сөздіктің мақсаты. Қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық терминдер сөздігі негізінен, терминдерді аудару, мәлімет беру мақсатын көздейді. Аударма сөздіктерде терминдерге түсініктеме немесе оның дефинициясы берілмеген. Терминологиялық сөздікке тән келесі талап – оның қамтитын тілі болса, сөздік тек қазақ-орыс тілдерін қамтитындығын білеміз. Сөздіктерге қойылатын келесі талап оның құрылымына байланысты. 2014 жылы жарық көрген «Экология» терминдер сөздігінің құрылымына тоқталар болсақ, жалпы сөздікте 10293 термин қамтылған. Терминологиялық сөздік әліпби ретімен орналасқан және орысша, қазақша аудармасы бар. Экология сөздігінде омоним, синоним, эпоним терминдер де бар. Осы саладағы терминдер биология, зоология, тіл білімі, сәулет-құрылыс және т.б. көптеген ғылым саласындағы терминдермен омоним бола алатынын байқадық. Сөздікте 47 эпоним термин кездеседі және бір есіммен бірнеше эпоним жасалғанын байқауға болады. Мысалы: *Г.Ф.Гаузенің жоққа шығару ұстанымы,*

Гаузе теоремасы, Гаузе ұстанымы, Ле Шателье ұстанымы, Ле Шателье-Браун ұстанымы, т.б.

Терминдер әдетте зат есімнен жасалады. Дегенмен, сын есім мен етістіктен жасалатын терминдер де болады. Мысалы, экология саласының өзінен сын есім уәждемелігі арқылы *айырғыш-отделитель, бағыттағыш-направитель, жарлы-обрывистый, ұяшыл-хоминг, лақтырынды-отбросы, т.б.*, етістік уәждемелігі арқылы *ағу-оттечь, ажырау-дивергенция, айдау-перегонка, бақылау-контроль, басқару-управление, жойылу-вымирание, т.б.*

Сөздікте берілген терминдердің құрамы әр түрлі, яғни терминдер бір сөзден де бірнеше сөздердің тіркесінен де жасалған. Сөздіктегі терминдерді құрымына қарай жіктер болсақ, **1 құрамды сөздер:** *абдыраушылық-озадаченность*, **2 құрамды сөздер:** *айлық ырғақ-месячный ритм*, **3 құрамды сөздер:** *алдын алу шаралары-профилактические меры*, **4 құрамды сөздер:** *алдын ала тазалау машинасы-машина предварительной очистки*, **5 құрамды сөздер:** *ақаба суларды нормативтен артық төгу-сверхнормативный сброс сточных вод*, **6 құрамды сөздер:** *ақаба суларды су нысандарына төгу шегі-лимит отведения сточных вод на водные объекты* сияқты алты құрамды сөзге дейін барады.

Терминжасам сөзжасамға негізделетіндіктен, терминдер сөзжасамның 3 тәсілі арқылы жасалады. Олар: морфологиялық, аналитикалық, лексика-семантикалық. Терминжасамға тән төртінші тәсіл – калькалау тәсілі. Салалық терминдер сөздігінде морфологиялық немесе синтетикалық тәсіл арқылы жасалған терминдерді есептеу арқылы 25 жұрнақ анықталды. Ең өнімді жұрнақ "у" жұрнағы арқылы 278 термин жасалған.

Мысалы, *ағу-оттечь, ажырау-дивергенция, азотсыздандыру-денитрофикация*. Термин жасау мәселесінде терминбөлшектер де үлкен рөл атқарады. «Экология» саласы бойынша 27 терминбөлшек анықталды, оның ең өнімдісі – «био». Себебі, «био» терминбөлшегі арқылы 231 термин жасалған. «Экология» қазақша-орысша терминологиялық сөздігіндегі синтаксистік тәсіл арқылы жасалған терминдердің өзін 3-ке бөліп қарастыруға болады. Олар: қосарланған терминдер, біріккен терминдер, тіркесті терминдер, ал қысқарған терминдер сөздікте кездеспейді. Екі сөздің бірігуінен жасалған 933 сөз: *ағашбақ - арборетум, газқұбыр-газопровод, егеубас-жесткоколосница*, үш сөздің бірігуінен жасалған 30 сөз: *бозгүлжапырақ-пололепестник, бұзаубассораң-солерос* және бірініші, екінші компонентінде біріккен сөздер кездесетін көп құрамды терминдер де бар. 21 қосарлама қос сөздер: *жауын-шашын(осадки), жыра-сай(ложбина), кедір-бұдыр(пересеченность)* және құрамындағы компоненттерінде қос сөздер кездесетін 172 сөз бар. Мысалы: *азық-түлік бағдарламасы(программа продовольственная), ала-құла ареал(ареал пятнистый), азотты тепе-теңдік(азотистое равновесие), ауру басатын дәрі-дәрмек(болеутоляющее лекарство)* т.б.

Е. Әбдірәсілов өзінің «Қазіргі терминологиялық сөздіктер жасауда қолға алуды қажет ететін негізгі мәселелер» атты мақаласында терминологиялық сөздіктердегі жиі кездесетін қателіктер жайлы айта отырып, сөздік ұғымына тоқталады: «Терминологиялық сөздіктер шығару ісіндегі негізгі кемшіліктеріміздің тағы бірі – терминологиялық сөздіктердің мәртебесін, «сөздік» ұғымын дұрыс түсінбеу. Өйткені сөздік екінің бірі компьютерде теріп алып, бір-екі автор бірігіп шығара беретін, жеңіл жауапкершілікпен қарауға болатын еңбек емес. Ол – терминнің үлгі нұсқасы ретінде пайдаланылатын, көпшілік негізгі еңбек ретінде сүйенетін, мемлекеттік деңгейде шығарылатын маңызды еңбек. Сөздік жасау ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын қоғамда сөздіктер авторлық коллективтің көмегімен, анағұрлым үлкен уақыт аралығында шығарылады. Мысалы, орыс ғалымдары терминологиялық сөздіктердің жеке авторлар тарапынан шығарылуын құптамайды» [1,19].

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған экология саласында қолданылатын 1543 терминдер мен сөз тіркестерін ұсынып, ол сөздер «Терминологиялық хабаршы» журналының 2010 жылғы маусым айында №2(32) санында жарық көрген болатын. Терминологиялық сөздіктегі терминдерді 2010 жылы ұсынылған сөздермен салыстырып көрейік:

1-кесте.

№	Қазақ және орыс тіліндегі баламасы	Терминологиялық сөздікте колданылуы	Ұсынылған сөздер
1	авиационный шум	авиация шуылы	авиациялық шу
2	загрязнение автотранспортом	автокөліктен ластану	автокөлікпен ластану
3	агролесомелиорация	агроорманмелиорация	агроормандандыру
4	бессточная область	ағынсыз атырап	ағынсыз аймақ
5	азотфиксация	азотты жинақтау	азотты ұстау
6	саркынды су	остаточная вода	сточная вода
7	аллелопатия	аллелопатия	жәбірлесу
8	аң аулау	звероловство	охота
9	избыточное увлажнение	артық ылғалдану	артық ылғалдылық
10	газоочистка	газтазарту	газды тазарту
11	қорыққор	фонд заповедный	резерват
12	қорықтық қор		заповедный фонд
13	құрғақ аңғар	суходол	вади
14	өзгергіштік	изменчивость	мутация
15	індет	эпидемия, замор	пандемия

Астана қаласында ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының 2005 жылғы бірінші отырысында ҚР Білім және ғылым министрлігі География институты мен ҚР Президенті Кеңесі жалпы бөлімінің меңгерушісі М.Жақыпов ұсынған терминдерді талқылай келіп, 115 термин сөздер мен сөз тіркесін ресми бекіткен болатын. Бекітілген сөздер мен сөз тіркестерін терминологиялық сөздіктегі терминдермен салыстырайық:

2-кесте

№	Орыс тіліндегі нұсқасы	Терминологиялық сөздікте берілген нұсқасы	Мемтерминком мәжілісінде бекітілген нұсқасы
1	абразия	абразия(гео.)	жемірілу
2	агенты выветривания	мүжілу агенттері	үгілу агенттері
3	азональность	бейбелдемділік	бейаймақтылық
4	берег наветренный	желжақ жаға	жел жаға
5	берег подветренный	ықжақ жаға	ық жаға
6	водосброс	суқашыртқы	су ағыту
7	водохранилище	жасанды суқойма	су қоймасы
9	воды дренажные	кәріз сулары	қашыртқы су
10	выветривание	мүжілу, мору	үгілу
11	глина	сазбалшық	саз
12	гребень	қырқа, айдар	жота қыры
13	дефляция	үрлеу	топырақ үрленуі
14	заводь	жатын	тұйықсу
15	заиление	лайлану	ұйықтану
16	зыбун	тартпа батпақ	қалқыма ұйық
17	ил	қарабалшық	ұйық
18	камнепад	құламатас	тасқұлама

Термин жасау, оларды ресми бекіту практикасында бір түбірден өрбитін ұғымдар атауларының біріне балама ұсынылып, басқалары ескерусіз қалған реттер кездеседі. Мәселен, *зона* терминін Мемтерминком 2002 жылғы 11 желтоқсандағы отырысында *аймақ* деп ресми бекіткен болатын. Алайда осы түбірден өрбитін *зональность*, *азональность*, *зонирование* сол қалпында қолданылып жүрді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Мемтерминком мүшелері бұларды тиісінше *аймақтылық*, *бейаймақтық*, *аймақтау* деп

бекіту орынды деп тапты [1, 8].

Экологиялық терминологиялық сөздікте зона сөзі – белдем, аймақ болып тәржімаланғанмен, *зональность* – белдемділік, *зонирование* – белдемдеу, *азональность* – бейбелдемділік болып қолданылған. Біз 2002 жылы бекітілген термин болса да, 2014 жылы жарық көрген сөздікте ол бекітілген норма бойынша қолданылмағанын байқаймыз.

Сөздікте берілген терминдер арасында орфографиялық қателіктер кездеседі. Әсіресе, біріккен сөздер мен қос сөздер арасында көп. Сөздікте берілген терминдерді орфографиялық сөздікпен салыстырып көрейік:

3-кесте

№	Терминологиялық сөздіктегі нұсқасы	Орфографиялық сөздік/Алтыншы басылым.Құраст.: Н.Уәли, Қ.Күдерина, Ж.Исаева.-Алматы: «Дәуір» баспасы,2013.-720 б.	Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі:49000 сөз.Қазақ СС Ғылым акад.Тіл білімі институт. - Өңд.,толықт.,3-бас.- Алматы:Қазақстан,1988.-400 б.
1	қанқую-переливание крови	қан құю	қан құю
2	Ресурс тұтыну-ресурсопотребление		ресурс тұтыну
3	Ресурс үнемдеу-ресурсосбережение		ресурс үнемдеу
4	Сай орман-лес балочный		сай орман
5	Салалы шөп-ветвянка		салалы шөп
6	Саңғырық қабат-гуано		саңғырық қабат
7	Соқыр сезім-инстинкт		соқыр сезім
8	Тонным жорық-экскурсия,		таным жорық
9	Топырақ шөгу-оседание почвы		топырақ шөгу
10	Ұсақ шоқы-мелкосопочник		ұсақ шоқы
11	Ұзын сирақ-долгоног		ұзын сирақ
12	Ыстық қайнар-гейзер		ыстық қайнар
13	Бұзаубас сораң-солерос		бұзаубас сораң
14	Дарабас тікен-ольгея		дарабас тікен
15	Дәуас көк-фенхель		дәу аскөк
16	Жалғанбоз кілем-ложноочиток		жалған бозкілем
17	Жалғаншөл масақ-лжепустыннокосник		жалған шөлмасақ
18	Иістіақ желкен-сельдерей		иісті ақжел кен
19	Күнсүйгіш жануар-гелиофил		күнсүйгіш жануар
20	Су шипажай-водолечебница		су шипажай
21	Үшқырлы тұқым-трехреберник		үшқырлы тұқым
22	ала-шабыр (проталина)	алашабыр	
23	алтын-балық (колотой карась)		алтын балық
24	жыра-сайлы көлдер (ложбинные озеро)		жыра-сайлы көлдер

Бұл мысалдардан бөлек, нұсқалары орфографиялық сөздікте берілмеген қателер де бар. Мысалы: *азтаралған нәсіл* (раса локальная) – аз таралған нәсіл болып бөлек жазылғаны дұрыс, *разнотравье* сөзі *алауан шөптер* және *алуаншөптер* түрінде берілген, Бірақ дұрыс нұсқасы *алуан шөптер* болуы тиіс. *Аңаулау* (звероловство) терминін біріккен сөз ретінде көрсеткен, *ауырқысымды ағыстар* (течения барические) – *ауыр қысымды* ағыстар, *бөгдетекті химиялық заттар* (чужеродные химические вещества) – *бөгде текті* химиялық заттар, *жағашағыларалық қолаттар* (междюнные ложбины) – *жағашағыл аралық* қолаттар, *қоректалғамайтындар* (эвригафи) – *қорек талғамайтындар*, *қысқамерзімді туынды орман* (лес кратковременно-производный) – *қысқа мерзімді* туынды орман болып біріккен сөз ретінде емес, бөлек жазылып, сөздердің тіркесі арқылы жасалуы дұрыс деп есептейміз.

Экология саласына байланысты терминологиялық сөздікте орыс тілі терминдерін қазақ тіліне аудару барысында кеткен қателіктер кездеседі. Сондай-ақ, қазақ терминдерін орыс тіліне аудармай, тек орыс тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай етіп өзгертіп қана жазған терминдер де бар. Сөздікте олардың жалпы саны – 14 сөз : *айыр* – *аир*, *арық* – *арык*, *гуіл* – *гул*, *қандық* – *кандык*, *қатыран*– *катран*, *құмаршық* – *кумарчик*, *майқараған* – *майкараган*, *мүйіс* – *мыс*, *ошақ* – *очаг*, *сексеуіл* – *саксаул*, *тақыр* – *такыр*, *теріскен* – *терескен*, *тоғай* – *тугай*, *ұлықбекия* – *улугбекия*. Мұндай терминдер тек экология саласында ғана емес, салалық терминологиялық сөздіктің басқа салаларында да кездеседі. Мысалы, «Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі» сөздігінде *адарғы* – *адаргы*, *ақбуркей* – *акбуркей*, *ақтана* – *актана*, *әйкел* – *айкель*, *бейқасап* – *бейкасап*, *жіп қашу* - *жип қашу*, *иінбау* – *иинбау* сияқты 19 сөз кездесе, «Педагогика және психология» сөздігінде *алаңғасар-аланғасар*, *әулие-аулие*, *бақталас-бахталас*, *дегбір-дегбир*, *еншілес-енишлес*, *жалған дүние-жалған дуние*, *қалыңдық-калындық*, *сіңлі-синли*, *ізгілік-изгилик* сияқты барлығы 417 сөз берілген.

Қорытындылай келе, «Экология» қазақша – орысша, орысша – қазақша аударма сөздігін талдау барысында біз сөздікте терминдердің Мемтерминком бекіткен норма бойынша берілмегендерін, қазақ тілінен орыс тіліне аударылмай, тек фонетикалық өзгешеліктер арқылы ғана жазылғандарын, сөздіктегі орфографиялық қателіктерді де кездестірдік. Қазіргі таңда жарық көріп жүрген екі тілді аударма сөздіктерде және ендігі кезекте жарияланатын сөздіктерде осындай қателіктер болмаса екен дейміз. Негізгі мақсат қазақ терминдерінің ұлттық сипатын сақтау болғандықтан, сөздіктердегі терминдердің сауатты жазылуын және талаптарға сай болуын көздегеніміз дұрыс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Терминологиялық хабаршы. 2005 жыл, маусым, №2(12). Е.Әбдірәсілов. Қазіргі терминологиялық сөздіктер жасауда қолға алуды қажет ететін негізгі мәселелер.
2. Терминологиялық хабаршы. 2010 жылғы маусым №2(32) саны.
3. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: 49000 сөз. Қазақ СС Ғылым ақд. Тіл білімі институт. - Өңд., толықт., 3-бас. - Алматы: Қазақстан, 1988. - 400 б.
4. Орфографиялық сөздік/Алтыншы басылым. Құраст.: Н. Уәли, Қ. Күдерінова, Ж. Исаева. - Алматы: «Дәуір», 2013. - 720 б.
5. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік/ жалпы ред. басқ. М. Б. Қасымбеков, жобаның ғыл. жетекшісі А. Қ. Құсайынов. - Алматы: «ҚАЗАҚПАРАТ» баспа корпорациясы, 2014. - 506 б. 17-том. Экология.
6. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік/ жалпы ред. бас. М. Б. Қасымбеков, жобаның ғылыми жетекшісі А. Қ. Құсайынов. - Алматы: «ҚАЗАҚПАРАТ» баспа корпорациясы, 2014. - 476 б. Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі.
7. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік/ жалпы ред. бас. М. Б. Қасымбеков, жобаның ғылыми жетекшісі А. Қ. Құсайынов. - Алматы: «ҚАЗАҚПАРАТ» баспа корпорациясы, 2014. - 476 б. Педагогика және психология.